



**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің «Ш.Айманов
атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
жарғысы**

1. Жалпы ережелер

1. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің «Ш.Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – коммуналдық мемлекеттік мекеме) білім беру саласындағы функцияларды жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Баянауыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22-ші мамырдағы №123/5 қаулысымен мемлекеттік мекемелерді біріктіру жолымен қайта ұйымдастыру арқылы құрылды, Павлодар облысын әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы «Коммуналдық меншіктің кейбір мәселелері туралы» №276/5 қаулысына сәйкес өзгерді.
4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган – Павлодар облысының әкімдігі болып табылады.
5. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған қатысты коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Павлодар облысы білім беру басқармасының «Баянауыл ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.
6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мемлекеттік тілдегі атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің «Ш.Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
Мемлекеттік мекеменің орыс тіліндегі толық атауы: Коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная школа-интернат имени Ш.Айманова» отдела образования Баянаульского района, управления образования Павлодарской области.

7. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: 140300, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылдық округі, Баянауы ауылы, Мұса Шорманов көшесі, ғимарат 2.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құқықтық мәртебесі

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған бланкілері, мөрлері болады.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеме, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Коммуналдық мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өз кепілдігіндегі қаржыға жауап береді. Егер коммуналдық мемлекеттік мекемеде қаржы жеткіліксіз болса, Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік өзінің бюджеттік қаражаты есебінен өзінің міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауапкершілікте болады.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аумақтық Қазынашылық бөлімінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен міндеттері

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні - оқушылардың жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін және оқушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес қосымша білім берудің қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағытында кеңейтілген және терең білім беруді қамтамасыз ететін оқу бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты – көп балалы және аз қамтамасыз етілген отбасылардағы балаларға, жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға, жалғыз басты аналарға (әкелерге) және ата-анасының немесе орнына қалған адамдардың еңбек жағдайы, денсаулық жағдайы бойынша қоғамдық тәрбиеге мұқтаж ететін, тұрақты орнымен қамтамасыз етілмеген жалпы білім беру мекемесі жоқ алыс мекендерде тұратын балаларға интернатта жатын орнымен қамтамасыз етіп және мөлтек ауданында тұратын балалардың жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары және мемлекеттік жалпы білім беру стандартының деңгейінен асатын бейінді пәндер бойынша бағдарламаларын игеру.

14. Өз мақсаттарына жету үшін коммуналдық мемлекеттік мекеме келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

- 1) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;
- 2) мекемеде жалпы типтегі интернатта жататын орнымен қамтамасыз етіп және қамтамасыз етпей орта (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған қажетті жағдайлар жасау;
- 3) оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін тұлғаның күзиреттілігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын меңгерулеріне жағдай жасау;
- 4) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымдардың базалық негіздерін алуын, бейіндік пәндерді терең оқытуды, қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттағы бейімді оқытудың оқу жоспарларың іске асыруды қамтамасыз ету;
- 5) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;
- 6) азаматтық пен отансүйгіштікке, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілге деген құрмет, халықтық дәстүрлерді құрметтеу, конституцияға қарсы және қоғам қарсы кез-келген жат көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;
- 7) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіліктерін, тұлғаның оның құқықтары мен міндеттеріне саналы қатынасын қалыптастыру;
- 8) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктерімен таныстыру, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа ұлттардың тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерттеу;
- 9) арнайы білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жетімділігін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;
- 10) жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыру.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқылы емес.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызмет мақсаттарына, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарына немесе құрылтайшылық құжаттарына қайшы жасалған не басшының жарғылық құзыретті бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті

атқарушы органының не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының, прокурордың немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметтері

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеме келесі функцияларды орындайды:

- 1) ішкі ережелерді әзірлеу және бекіту;
- 2) жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
- 3) оқу мерзімдері қысқартылған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
- 4) ата-аналарға және басқа заңды өкілдерге, білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жыл сайын ағымдағы оқу жылы аяқталғанға дейін төмендегі ақпараттарды беру:
 - алдағы оқу жылында пайдалануға ұсынылған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, оқу құралдары және басқа да қосымша әдебиеттер, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі;
 - алдағы оқу жылында қолданылатын оқу материалдары;
- 5) егер осы Заңда және стандартты қабылдау ережелерінде өзгеше көзделмесе, білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияға сәйкес білім алушылар мен тәрбиеленушілер контингентін қалыптастыру;
- 6) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде қашықтықтан оқыту технологияларын енгізу;
- 7) ұлттық бірыңғай тестілеуді қоспағанда, білім алушылардың үлгеріміне, аралық және қорытынды аттестаттауына тұрақты мониторинг жүргізу;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекемедегі қызметкерлерге өздерінің қаржылық ресурстарының шегінде лауазымдық жалақыларын (жүктемелерін), қосымша төлемдерді, үстемелерді және басқа да ынталандыру төлемдерін белгілеу;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды қамтамасыз ету;
- 10) мұғалімдердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімді медициналық тексеруден өтуін қамтамасыз ету;
- 11) білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету, жабдықтау;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін қосымша қаржылық және материалдық ресурстар көздерін тарту;
- 13) білім беру саласындағы уәкілетті орган денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитарлық-

эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша белгіленген тәртіппен білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету;

14) білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне әкімшілік деректердің берілуін қамтамасыз ету;

15) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер мен материалдық қолдау түрлерін уақтылы ұсынуды қамтамасыз ету;

16) қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметіне ықпалдастық жасау;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті ұсыну;

18) кәсіптік оқытудың заманауи нысандарын енгізу.

5. Ағымдағы білім беру бағдарламаларының тізімі

18. Коммуналдық мемлекеттік мекеме - өз құрылымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім, негізгі орта білім, жалпы орта білім оқу бағдарламалары мен психикалық дамуы тежелген балаларға арналған қосымша түзете – дамыту оқу бағдарламалары және оқушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес тереңдету, бейінді, саралап оқыту бағдарламаларын іске асыратын сыныптары бар жалпы орта білім беру мекемесі.

19. Жалпы орта білім беру мекеменің базасында түзете-дамыту және гимназиялық сыныптары қызмет етеді.

6. Білім беру ұйымына қабылдау, сондай-ақ білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқудан шығару тәртібі

20. Білім беру ұйымының қызмет ету аумағында тұратын барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қабылдауды қамтамасыз ететін коммуналдық мемлекеттік мекемеге оқуға қабылдау тәртібі тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Типтік қағидалары негізінде белгіленеді.

21. Жалпы орта білім берудегі түзете-дамыту сыныптарының контингенті психолого-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысы және баланың ата-анасының немесе олардың заңды өкілдерінің келісімі негізінде қалыптасады.

Оқушылардың психолого-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру мақсатында педагог, психолог, дефектолог, логопед мамандарынан тұратын комиссия құрылады, тиісті деңгейге сәйкес келетін жеке бағдарламалық материалдар бойынша оқытуда оқушылардың денсаулығы ескеріледі.

22. Жалпы орта білім берудегі гимназиялық сыныптардың контингенті жеке сұхбаттасу қорытындысы негізінде қалыптасады. Жеке сұхбаттасудың

мазмұны мен өткізу түрі мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері мен педагог-психологтан тұратын шығармашылық топпен жасалады және педагогикалық кеңесте бекітіледі. Гимназиялық сыныптарды толықтыруда оқушылардың денсаулық жағдайы мен жоғары деңгейлі бағдарлама бойынша қарқынды интеллектуалды еңбекпен айналасуға медициналық қарсы көрсеткіштердің болмауы ескеріледі.

Сыныптан сыныпқа көшіруі, гимназиялық сыныптан шығаруы оқу үлгерімі негізінде (рейтинг балдары 4,0 төмен болмау) педагогикалық кеңестің шешімімен жасалады. Шығарылған оқушылар коммуналдық мемлекеттік мекеменің жалпы орта білім беру сыныптарында оқуды жалғастырады. Бағдарламаны меңгермеген оқушылардың көшіруі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

23. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау білім беру ұйымына оқуға қабылдаудың Типтік қағидаларына сәйкес «бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметіне сәйкес жүзеге асырылады.

24. Коммуналдық мемлекеттік мекемеден бастауыш, негізгі орта, орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа білім беру ұйымына ауысу растайтын құжаттар негізінде білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен жүзеге асырылады.

25. Білім беру ұйымына білім алушыларды қабылдау кезінде білім беру ұйымдарының басшылары ата-аналармен немесе балалардың немесе оқушылардың басқа заңды өкілдерімен білім беру қызметін көрсету үшін шарттар жасасады.

26. Білім алушылар коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылданған кезде, мекеме оны және ата-аналарын (немесе) (оларды алмастыратын адамдарды) жарғымен және оқу процесін ұйымдастыруды реттейтін басқа құжаттармен таныстыруға міндетті.

27. Он алты жасқа дейінгі балаларды мемлекеттік орта білім беру ұйымдарынан шығаруға айрықша жағдайларда - заңсыз әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымының мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша жол беріледі.

Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншы және қамқоршы органдардың келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінде есепте тұрған кәмелетке толмағандарды мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының қатарынан шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

28. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің түлектеріне мемлекеттік үлгідегі негізгі орта және жалпы орта білімі туралы аттестат беріледі.

7. Оқу процесін ұйымдастыру тәртібі(соның ішінде тілді, тілдерді) оқыту мен тәрбиелеу, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жұмыс режимі

29. Коммуналдық мемлекеттік мекеме оқу процесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Коммуналдық мемлекеттік мекемесі оқу процесін жүзеге асыру үшін типтік оқу бағдарламаларын, оның ішінде оқу жүктемесі төмен бағдарламаларды да таңдай алады.

Оқу үдерісі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникул күндері белгіленеді.

30. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оқу және тәрбие процесі типтік оқу жоспарлары мен жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме жұмыс оқу жоспарларының типтік оқу жоспарына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бұдан әрі - МЖМБС) сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

31. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қосымша білім берудің типтік оқу бағдарламаларын іске асырады.

32. Оқыту процесі типтік оқу жоспары негізінде, жылдық күнтізбелік оқыту кестесімен және сабақ кестесімен регламенттеледі. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушыларға қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, сонымен қатар, білім берудің тиісті деңгейінің МЖМБС-на сәйкес орыс тілі мен шет тілдерінің бірін оқуды қамтамасыз етеді.

33. Коммуналдық мемлекеттік мекеме типтік оқу жоспарының инвариантты және өзгермелі компоненттерін мектеп қабырғасынан тыс жерде өткізуге құқылы (мәдениет мекемелері, спорт ғимараттары, әскери ғимараттар, ғылыми зертханалар, өндірістік кәсіпорындар, табиғат аясында).

34. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде балалар мен жасөспірімдерге медициналық көмек Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұйымдастырылады.

35. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде ата-аналардың және Жалпы біліммен қамту қоры (жетім, жартылай-жетім, қамқорлықсыз қалған балалар, аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың балалары, мүгедек-балалары, туғаннан мүгедектер) және басқада мемлекеттік, облыстық бағдарламалардың қаржылық есебінен оқушылардың тамақтануы ұйымдастырылады. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің интернатында тұратын тәрбиеленушілердің тамақтануы бюджеттін есебінен жүргізіледі.

36. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі сабақ кестесін оның басшысы немесе оны алмастыратын адам бекітеді.

37. Сабақ кестесінде күн сайынғы саны, оқу сабақтарының ұзақтығы мен реттілігі көрсетіледі.

38. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі сабақ кестесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін жеткілікті ұзақтықта үзіліс қарастырылады.

39. Мемлекеттік коммуналдық мекеме тәуліктік оқу жүктемесін, олардың жарғысында айқындалған оқыту нысандары, құралдары мен әдістерін таңдау кезінде дербес болады.

40. Мемлекеттік коммуналдық мекеме білім алушылардың бойында патриоттық тәрбиені, басқаларға деген төзімділік қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін қалыптастыруды, соның ішінде санитарлық-гигиеналық негізде тамақтану объектілерінің жұмысын қамтамасыз ету арқылы теңестірілген дұрыс тамақтануды және табиғи жаңа өнімдерді тұтынуды насихаттауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету туралы келісім негізінде қамтамасыз етеді.

41. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес білім беру процесін мемлекеттік тілде жүргізеді.

8. Білімді бақылау жүйесі, білім алушылардың аралық және қорытынды аттестациясы, формалары және оларды өткізу тәртібі

42. Білім алушылардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын игеруін бақылау мақсатында коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен үлгерімнің ағымдық мониторингінің, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік ережелеріне сәйкес білім алушылардың оқу үлгерімінің ағымдағы бақылауын және білім алушыларды қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

9. Ақылы қызметтерді көрсету тәртібі

43. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде білім алушылар мен тәрбиеленушілерге бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін білім беру қызметтері ақысыз көрсетіледі.

44. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты шеңберінде ақылы негізде білім алушылар мен тәрбиеленушілерге білім беру қызметтерін көрсетуге;
- 2) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, білім алушылар мен педагогтарданақша жинауға тиым салынады.

45. Коммуналдық мемлекеттік мекеме ақылы қызмет көрсету туралы келісімшарт жасай отырып мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) ақылы негізде көрсетуге құқылы:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру (балалар мен жастардың шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру);

2) жекелеген білім алушылармен пәндер бойынша (пәндер мен пәндер циклдры) оқу жоспарлары мен бағдарламаларына бөлінген оқу уақытынан тыс қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) білім алушылармен пәндер бойынша (пәндер мен пәндер циклдры) ғылым негіздерін тереңдетіп оқытуды ұйымдастыру;

4) әр түрлі іс-шараларды: білім алушылар мен тәрбиеленушілер, оқытушылар мен ересектер арасындағы спорттық жарыстар, семинарлар, кездесулер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және енгізу үшін ұйымдастыру және өткізу;

5) пайдалану үшін музыкалық аспаптар мен қосымша Интернет-байланыс қызметтерін ұсыну;

6) жазғы демалыстарды ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, білім беру ұйымдарында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушыларды ақылы тамақтандыру мен тұратын орнымен қамтамасыз ету;

7) энергоқұрылғылар және қазандықтармен берілетін жылу энергиясын босату;

8) оқу-өндірістік шеберханаларының, оқу шаруашылығының, оқу-тәжірибелік алаңдарының өнімдерін өндіруді және сатуды ұйымдастыру;

9) ғылыми зерттеулер жүргізу;

10) ата-аналардың өтініші бойынша бастауыш мектеп оқушылары үшін ұзартылған күн топтарының ашылуын ұйымдастыру.

46. Коммуналдық мемлекеттік мекеме дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын мүліктік жалдауға (жалға) беру жөніндегі қызметтерді ұсынуға құқылы.

Мүліктік жалдауға (жалға) өткізуден алынған кірісті коммуналдық мемлекеттік мекеме дербес пайдаланады.

47. Ақылы негізде ұсынылатын коммуналдық мемлекеттік мекеменің тауарларының (жұмыстарының және қызметтерінің) бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

48. Ақылы негізде қызмет көрсететін коммуналдық мемлекеттік мекеме мен білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының және басқа заңды өкілдерінің арасындағы қатынастар келісімшартпен реттеледі.

Егер білім алушылар барлық оқу кезеңіндегі шығындарды келісімшарт жасасу кезінде бір уақытта төлесе, онда төлем мөлшері оқу кезеңінің соңына дейін өзгермейді.

Оқу ақысын біртіндеп төлеу жағдайында төлем мөлшері инфляция индексіне ескере отырып, жалақы өскен жағдайда жылына бір реттен жиі емес өзгертілуі мүмкін.

10. Білім беру ұйымдары мен білім алушылар, тәрбиеленушілер және (немесе) олардың ата-аналары және басқа заңды өкілдер арасындағы қатынастарды рәсімдеу тәртібі

49. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқығы:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алу;
- 2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жекелеген оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру оқу бағдарламалары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде оқу;
- 3) оқу жоспарына сәйкес баламалы курстарды таңдау;
- 4) ақылы негізде қосымша білім беру қызметтерін, бейімділіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім алу;
- 5) білім беру ұйымын басқаруға қатысу;
- 6) оқуды қайта жалғастыру және бір оқу орнынан екіншісіне ауысу;
- 7) білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды ақысыз пайдалану, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік кешендермен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қамтамасыз ету;
- 8) спорттық, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарды және кітапхананы тегін пайдалану;
- 9) өз пікірі мен сенімін еркін білдіру;
- 10) өзінің адамдық қадір-қасиетін құрметтеу;
- 11) оқу жетістіктері, ғылыми және шығармашылық қызметі үшін көтермелеу және сыйақы алу;

50. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі білім алушылар мен тәрбиеленушілер міндетті:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім, білік және практикалық дағдыларды алуға;
- 2) ішкі ережелерді сақтауға;
- 3) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауға;
- 4) Мемлекеттік басқару мекемесіндегі басқа білім алушылар мен қызметкерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының мәтінін және музыкалық редакциясын білуге;
- 6) өз денсаулығына қамқорлық жасау, өзін рухани және физикалық жетілдіруге ұмтылу;
- 7) педагогикалық ұжымның абыройы мен қадір-қасиетін, өздері оқитын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге;

8) орта білім беру ұйымындағы белгіленген талаптарға сәйкес мектеп формасын киюге міндетті. Киімде, оның ішінде бас киімдер (такия, орамалдар және т.б.) киюге, қандай да бір конфессияның діни элементтерін пайдалануға жол берілмейді;

9) білім беру ұйымының жарғысында және білім беру қызметін ұсыну туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

51. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен басқа да заңды өкілдері құқылы:

1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) коммуналдық мемлекеттік мекемеден өз балаларының үлгерімі, тәртібі мен оқу жағдайлары туралы ақпарат алуға;

4) балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, кеңестер алуға;

5) балаларына келісімшарт негізінде қосымша қызметтерді алуға;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға.

52. Ата-аналар және басқа заңды өкілдер міндетті:

1) балалардың өмір сүруі мен оқуы, олардың интеллектуалдық және дене күшінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз ету үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға;

2) балаларды мектепалды дайындықтан өткізе отырып одан әрі жалпы білім беретін мектепке жіберуді қамтамасыз етуге;

3) балаларды оқыту мен тәрбиелеуде коммуналдық мемлекеттік мекемеге ықпалдастық етуге;

4) балалардың білім беру ұйымындағы сабақтарға қатысуын қамтамасыз етуге;

5) ата-аналар жиналыстарына қатысуға, қажет болған жағдайда, оқу процесі және педагогикалық көмек көрсету туралы жеке педагогикалық әңгіме жүргізу үшін әкімшіліктің немесе мұғалімдердің шақыруы бойынша коммуналдық мемлекеттік мекемеге келуге;

6) оқушының коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне келтірген зияны үшін материалдық жауапкершілікте болуға;

7) оқушылардың оқу орны белгілеген мектеп формасын киюін қамтамасыз етуге;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар

53. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің міндетті мектеп формасы білім берудің зайырлы сипатына сәйкес келуі керек. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады.

54. Мектеп формасы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып енгізіледі.

55. Мектеп формасы күнделікті, салтанатты және спорттық формаларға бөлінеді.

56. Ұл балаларға арналған мектеп формасына мыналар кіреді: Пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, водолазка). Ұл балалардың шалбарлары еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

57. Қыздарға арналған мектеп формасына мыналар кіреді: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде (қыс мезгілінде: тоқылған жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

58. Ұл балалар үшін мерекелік форма күнделікті формаға қосымша ақ түсті жейдеден, қыздарға – ақ блузкадан құралады.

59. Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма: спорттық костюмнен (спорттық шалбар, футболка), спорттық аяқ киімнен (кроссовка, кеды) тұрады.

60. Мектеп формасына классикалық пішіндегі мектеп формасының негізгі түсіне сәйкес немесе кереғар келетін галстук қосылады.

61. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға жол берілмейді.

62. Мектеп формасына орта білім беру ұйымының ерекшелік белгілерін (белгілер, тігіспелер және т.б.) салуға болады. Олар киімнің немесе аксессуардың (пиджак, жилет, галстук) жоғарғы бөлігінде орналасады.

63. Мектеп формасына қойылатын талаптар климаттық жағдай, оқу сабақтарының өткізілу орны және оқу ғимаратындағы температуралық режим ескеріліп іске асырылады.

64. Мектеп формасына қойылатын талаптар бойынша жаракаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар киюге тыйым салынады.

65. Мектеп формасының түсін, фасонын таңдауды және белдемшенің ұзындығын орта білім беру ұйымы мен қамқоршылық кеңес айыққындайды, жалпымектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі.

66. Мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім қамқоршылық кеңес келісімімен қабылданады.

67. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы мектеп формасының оқу жылының 25-мамырына дейін бекітілуін қамтамасыз етеді.

68. Басшы ата-аналарды немесе басқа заңды өкілдерді міндетті мектеп формасына қойылатын талаптармен олардан коммуналдық мемлекеттік мекемеге білім алушыларды қабылдау туралы өтінішті беру кезінде (еркін формада) қол қою арқылы және жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысында таныстырады.

69. Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипатта, форс-мажорлық жағдайларда тиісті мемлекеттік органдар шектеу шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдайды енгізген жағдайда ата-аналар балаларын ыңғайлы іскерлік, классикалық стильдегі киімдермен және шектеу шараларын, төтенше, форс-мажорлық жағдайларды алып тастағанға дейін оқушылар коммуналдық мемлекеттік мекемеге осы киіммен бара алатындай жағдайда қамтамасыз етеді.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару.

70. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге жалпы басшылықты жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

71. Жергілікті атқарушы органның келесі функциялары бар:

1) Коммуналдық мемлекеттік мекемені құру, қайта құру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

2) мемлекеттік коммуналдық мекемеге мүлікті бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

4) коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысын, оған өзгертулер мен толықтыруларды бекітеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық меншікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын; құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, коммуналдық мемлекеттік мекеменің шешім қабылдау тәртібін айқындайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

72. Басқару органы заңнамада белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) белгіленген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекемені құру, қайта құру және тарату, оның филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы,

коммуналдық мемлекеттік мекеменің Жарғысын бекіту туралы, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

4) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны қызметінен босатудың негіздерін айқындайды;

5) мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы мен штаттық санын бекітеді;

6) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының ұсынысы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

7) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

8) жергілікті атқарушы органға коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің жеке шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

9) жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта құруды ұйымдастырады және таратады;

10) осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен оған жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

73. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысын басқару органы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

74. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, басқарушы органға тікелей бағынады және коммуналдық мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауапкершілікті көтереді.

75. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы жеке-дара басқару принциптері бойынша әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалған оның құзыретіне сәйкес коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметі туралы дербес шешім қабылдайды.

76. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

77. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа ұйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;

3) келісімшарттар жасасады;

4) сенімхат береді;

5) іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді Қазақстандағы және шетелдік оқу орталықтарындағы оқыту және қызметкерлердің біліктілігін

арттырудың басқа түрлері бойынша коммуналдық мемлекеттік мекеменің жоспарларын бекітеді;

6) банктік шоттар ашады;

7) барлық қызметкерлер орындау үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) басқару органы тағайындаған қызметкерлерді қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және босатады;

9) басқару органымен келісім бойынша орынбасарды (орынбасарларды) тағайындайды;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар тағайындайды;

11) өзінің орынбасарының (орынбасарларының) және коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқа жетекші қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік шеңберін анықтайды;

12) коммуналдық мемлекеттік мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жеке жауапты болады;

13) басқарушы органмен келісім бойынша бас бухгалтерді тағайындайды және қызметтен босатады;

14) оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және басқару органымен немесе жергілікті атқарушы органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

78. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен жергілікті атқарушы орган арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

79. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен басқару органы арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

80. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде ұжымдық басқару органдары құрылады. Білім беру ұйымын алқалы басқару нысандары педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес болып табылады.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің меншігін қалыптастыру тәртібі

81. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі, құны оның балансында көрсетілетін активтері болып табылады.

Коммуналдық мекеменің мүлкін мыналар құрайды:

1) оған жергілікті атқарушы орган берген мүлік;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірісті қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер.

82. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және сметаға сәйкес оған бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

83. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік мекемеге табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен түскен ақша, білім беру, сорт сынау, ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету, ветеринария, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларындағы мемлекеттік мекемелер, спорт саласында маманданатын Қарулы Күштер, сондай-ақ мемлекеттік кітапханалар, мемлекеттік музейлер мен музей-қорықтарымен өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша қызметін қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджетке аударылуға жатады.

84. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметін егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбеген болса, бюджеттен тиісті саланың уәкілетті органы, жергілікті атқарушы орган немесе аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкім аппараты немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) қаржыландырады.

85. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізеді және есептер ұсынады.

86. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді және қайта қарауды басқару органы және басқа да мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі еңбек ұжымымен және жұмыс режимімен өзара байланыс

87. Қызметкердің және коммуналдық мемлекеттік мекеменің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

88. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс режимі ішкі еңбек ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі керек.

15. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

89. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар басқару органының немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша енгізіледі және «Заңды тұлғаларды

мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтеді.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату шарттары

90. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.


91. Мемлекеттік заңды тұлға, сондай-ақ заңнамалық актілерде көзделген басқа негіздер бойынша таратылады.

92. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

93. Таратылған коммуналдық мемлекеттік мекеменің ақшасы, оның ішінде кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған осы заңды тұлғаның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражат тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері

94. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Басшы  С.С. Досмагамбетова